

Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ешқайсысымен ортақ шекарасы жоқ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы басқа мүше мемлекеттің аумағына кедергісіз өткізілуін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау жөніндегі іс-шаралар жоспары ("жол картасы") туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 23 өкімі

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ешқайсысымен ортақ шекарасы жоқ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы басқа мүше мемлекеттің аумағына кедергісіз өткізілуін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау жөніндегі іс-шаралар жоспары ("жол картасы") бекітілсін.

2. Осы өкім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей  
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан  
Федерациясынан  
М.Григорян И.Петришенко А.Смаилов А.Кожошев А.Оверчук*

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Кеңесінің 2021 жылғы 2  
желтоқсандағы  
№ 23 өкімімен  
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ешқайсысымен ортақ шекарасы жоқ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы басқа мүше мемлекеттің аумағына кедергісіз өткізілуін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау жөніндегі іс-шаралар ж о с п а р ы ("жол картасы")

| Іс-шараның атауы | Күтілетін нәтиже | Жауапты орындаушы | Іске асыру мерзімі |
|------------------|------------------|-------------------|--------------------|
|                  |                  |                   |                    |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                          |                  |                              |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|------------------|------------------------------|
| 1. Одақ тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ) мүше болып табылмайтын мемлекеттермен олардың аумағы арқылы тасымалдау кезінде Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) бірінде салынған электрондық навигациялық пломбаларды пайдалану мүмкіндігін пысықтау                                  | Еуразиялық экономикалық комиссияға (бұдан әрі – Комиссия ) ақпарат ұсыну | мүше мемлекеттер | 2022 ж. 31 желтоқсанға дейін |
| 2. Мүше мемлекеттердің ешқайсысымен ортақ шекарасы жоқ мүше мемлекеттің аумағынан Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтары арқылы басқа мүше мемлекеттің аумағына Одақ тауарларын автомобильдік тасымалдау кезінде электрондық навигациялық пломбаларды қолдану бойынша эксперименттер (пилоттық жобалар) жүргізу     | Комиссияға ақпарат ұсыну                                                 | мүше мемлекеттер | 2022 ж. 31 желтоқсанға дейін |
| 3. Одақ тауарларын мүше мемлекеттердің ешқайсысымен ортақ шекарасы жоқ мүше мемлекеттің аумағынан Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтары арқылы басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізудің проблемалық мәселелерін реттеу, осындай мәселелерді реттеу бойынша іске асырылатын іс-шаралардың тиімділігін талдау, Одақ | Комиссияға ақпарат ұсыну                                                 | мүше мемлекеттер | қажеттілігіне қарай          |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                             |                            |                                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|----------------------------|------------------------------------------------|
| тауарларын басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізу үшін мүше мемлекеттердің атқарушы билігінің уәкілетті органдарының екі жақты консультацияларын өткізу                                                                                                                                                   |                                                                             |                            |                                                |
| 4. Тасымалдарды қадағалау үшін Еуразиялық экономикалық одақта навигациялық пломбаларды қолдану туралы келісімді іске асыру                                                                                                                                                                                | Комиссия актілерінің жобалары                                               | Комиссия, мүше мемлекеттер | Келісім күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде |
| 5. Көрсетілген Келісімде айқындалмаған автомобиль және (немесе) теміржол көлігі түрлерімен тауарлардың тасымалдарын қадағалау қажеттілігін белгілеу мақсатында тасымалдарды қадағалау үшін Еуразиялық экономикалық одақта навигациялық пломбаларды қолдану туралы келісімді іске асыру нәтижелерін талдау | Комиссия актілерінің жобаларын әзірлеу бойынша ұсыныстарды Комиссияға ұсыну | мүше мемлекеттер, Комиссия | қажеттілігіне қарай                            |